

но и потому, что в них истоки и корни этноса, во многом объясняющие поступки и поведение представителей разных народов в конкретных жизненных ситуациях. Это позволяет не просто знать историю, традиции и психологические характеристики живущих вместе народов, но и при необходимости принимать правильные решения для развития межкультурных связей, сохранения этнических культур.

Все, что сохранено и донесено до современных поколений культурой разных народов, представляет непреходящую ценность. Сбережению и умножению этого богатства должна способствовать этнопедагогика. Она является мощным средством в формировании человека культуры, в обогащении его общечеловеческими ценностями, в подготовке и осуществлении диалога культур как важного фактора воспитания поликультурной личности. Вместе с тем необходим тщательный отбор содержания произведений народного творчества, традиций, обычаев, ритуалов, так среди них рядом с положительными проявлениями народной педагогики встре-

чалось не мало того, что на сегодняшний день не может и не должно быть востребовано и использовано в практике воспитания.

Познание, осмысление, переработка и адаптация педагогической культуры прошлого помогут в успешном решении сложных вопросов подготовки поликультурной личности, способной к диалогу в условиях межэтнических и межконфессиональных контактов в современном мире.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Волков Г.Н. Этнопедагогика – М., 1999.
2. Концепция этнокультурного образования в Республике Казахстан – 1996.
3. Батурина Г.И. Воспитательные возможности различных компонентов народной культуры // Этнопедагогика в системе образования – 2007., № 5
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика – Алматы, 1998.
5. Кукушин В.С. Этнокультурные технологии // Этнопедагогика в системе образования – 2006., № 3

**Хасанова С.Б.**, аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

#### ОҚЫТУДА ЖОБАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Қоғамның қарқынды ақпараттану дәуірінде адамның жан-жақты дамуы үшін ақпаратты жинақтай білудің, болжамдар мен қорытындылар жасай білудің және жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызды рөл атқаратындығы көпшілікке түсінікті болып келе жатыр. Осы орайда, ең алдымен, «информатика» пәнін оқытудың алатын орны ерекше.

Информатика курсының жалпы білімдік функцияларына, оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеттерін атқару барысындағы потенциалдық

мүмкіндіктеріне өзгеше назар аударылуда. Осыған байланысты оқыту үрдісіне білімгердің білімпаздық дағдыларын, білгендерін өз беттерінше жүйелеп және ақпараттық кеңістікте қажетті бағытты анықтап үйренуін, шығармашылық тұрғыда ойлана білуін қалыптастыруға, дамытуға тікелей ықпал ететін жобалық әдістердің рөлі артып отыр [1].

Жоба (латыннан аударғанда projectors) «алға кеткен» деген мағынаны білдіреді. Жобалау дегеніміз – бұл ұсынылатын немесе мүмкін бола-

тын объектінің түп тұлғасын (бейнесін) құру үрдісі десек, ал әдістемелік аспекте – «ой, жоспар» деп түсінеміз.

Білімгерлердің білімге деген ынтасын, пәнге деген қызығушылығын арттыратын, соның салдарынан білім деңгейін көтеретін тағы бір әдіс – жобалар әдісі болып табылады. Бірінші рет жоба, оқыту әдісі болып, XIX ғ. екінші жартысында АҚШ-тың ауылшаруашылық мектебінде қолданыс тапты.

«Әдіс дегеніміз – дидактикалық категория; тәсілдердің жиыны, практикалық немесе теориялық білімнің белгілі бір саласын игерудегі амалдар; танымдық жолы, танымдық үрдісін ұйымдастыру тәсілдері».

Жоба ұғымы дидактикалық мақсатқа жету үшін бір идеяны, белгілі бір бұйымды немесе өнімді жасауды, есеп шығаруды, схема құрастыруды жүзеге асыратын, жұмыс нәтижесі практикалық бір жазба, схема немесе есеп түрінде көрсететін жұмыс болуы керек.

Жобалар әдісі негізінде: практикалық немесе теориялық бір мәселені бастан аяқ қарастырып шығатын жобаның түпкі идеясын жүзеге асыру, бір нәтижеге қол жеткізу ісі жатады. Бұл әдіс практикалық бір нәтиже беретін іздеу, зерттеу, таңдау тәсілдерінің кең спектрін пайдаланып оған сыртқы факторлардың әсерін қарастыру болып табылады. Осындай жұмысты орындау барысында балалар алған білімдерін толық пайдаланып, өздері де жаңа бастама идея берулері керек. Жобалар әдісін сауатты түрде қолдана білу үшін алдын ала көп дайындалу, тұрақты түрде жобаны жетілдіру, толықтыру ісін жүргізе білу қажет.

Жобалар әр түрлі типте – зерттеу, шығармашылық жұмыстары, ойындық түрде, ақпараттық (мәліметті жинақтау, оны талдау, өңдеу, орналастыру, безендіру) жұмыстар, практикаға бағытталған істер сияқты болып құрастырыла береді. Пәндік –

мазмұндық аймаққа байланысты мөножобалар (бір пән аясында) немесе пәнаралық жобалар бола береді. Үйлестіру, қадағалау сипатына қарай тікелей (нақты) немесе жасырын координациялық жобалар, байланыстарына қарай – ішкі, аймақтық, халықаралық жобалар болады. Орындаушыларының санына байланысты жеке, жұптық немесе топты жобалар да жасала береді.

Атқарылу мерзіміне қарай – қысқа мерзімді, орташа немесе ұзақ мерзімді деп бөлуге, аралас немесе дистанциялық (қашықтан) халықаралық жобалар деп айтуға да болатындары бар.

Жоба әдістері әлемнің барлық елдерінде өз қолданысын тауып отыр, ол арқылы білімгерлердің әр түрлі саладағы мәселені шешуінде білімдерін интегралдауға, алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Жоба әдістерін қолдануда келеңсіз талаптар орындалуы қажет:

1) зерттеулік және шығармашылық жоспарда мәселенің /тапсырманың интегралданған білімді және оның шешуде зерттеулік ізденісті талап ететін мәнінің бар болуы;

2) алынатын нәтиженің практикалық, теориялық мәні;

3) сабақта немесе сабақтан тыс уақытта білімгерлердің жеке (жеке дара, жұптаса, топтаса) қызметі;

4) жобаның мазмұндық бөлігінің құрылымы (кезең бойынша нәтижелерді көрсету және ролдерді тағайындау);

5) зерттеулік әдістерді қолдану: зерттеу есебін алатын мәселенің анықтамасы; оны шешуде ғылыми болжамды ұсыну; зерттеудің әдістерін талдау; соңғы нәтижені безендіру.

Жобалық қызмет жобаны іске асыруда белгілі бір алгоритмді қадағалауды және қызметтің әр түрін үйлестіруді болжайды: жобаның әр кезеңінде жобалық қызметтің сәйкесті элементі орындалады. Информатика

және ИКТ саласында бағдарламалық жобаны жасау үрдісінде білімгердің тапсырманың барлық технологиялық шешімін (мәселенің берілуінен нәтижесіне дейін) алуға дейін жетеді.

Жобалау теориясы мен практикасында жобаны өңдеудің келесідей кезеңдерін белгілейік.

*Бастапқы кезең: жобалық тапсырманың өңдеуі:*

- Мәселені анықтау: қиындықты айқындау, өзектілігін негіздеу, білімін талдау, жоба тақырыбын қалыптастыру.

- Нәтижені және соған жету жолдарын болжай білу.

- Жобаның мақсатын және тапсырманың қадамын анықтау.

*Жұмыстың жоспарын өңдеу кезеңі:*

- Жобаның орындалу мерзімін анықтау, аралық есеп үшін жоспарды және графикалық құру.

- Жобаны орындау ортасын және орындау әдістерін таңдау.

- Жоба сапасын бағалау шарттары және бағалау тәсілдері.

- Нәтижесін безендіру тәсілін және тұсау кесер сценарийін таңдау.

- Жұмыс формасын таңдау (жеке, топтаса), міндеттерін тағайындау.

*Жобаны іске асыру:*

- Әр түрлі әдебиеттерден ақпаратты жинау, талдау және жалпылау.

- Зерттеу жүргізу, есептеуді орындау.

- Көрнекі–графикалық материалды дайындау (графиктер, диаграммалар, кестелер, схемалар, фотографиялар, видеоматериалдар және т.б.).

- Тұсау кесер үшін материалды безендіру (қорытынды, статья, баяндама, компьютерлік тұсау кесер, көрме және т.б.).

- Аралық нәтижені бақылау және түзету.

*Жобаны аяқтау:*

- Жобаның қоғамдық тұсау кесері.

- Берілген шарт бойынша жобаны сараптамадан өткізу.

- Рефлексия: үрдісті және жұмыс нәтижесін (топтаса және жеке жетістігі үшін) талдау.

Жобалай оқыту технологиясы бойынша білімгердің педагогтік кәсіби білім-дағдыларын, шеберліктерін дамытуға баса көңіл бөлгендіктен, информатика пәнін оқытудың сипаты, деңгейлері, сабақтарды ұйымдастыру мәдениеті, проблемаларды тану мен түсіну қабілеттері арнайы тапсырмалар арқылы қалыптастырылуы, дамытылуы көзделеді.

Жобалық тапсырмаларды оқыту білімгердің логикалық қабілетін дамытады, бақылау мен өзін-өзі бақылауын қалыптастырады, олардың еңбек ету мен дағдысының жинақтылығын қамтамасыз етеді, жалпы мәдени-дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар жобалық тапсырмаларды сабақта пайдалану кезінде білімгер бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір білімгер таңдалған тақырып бойынша тапсырмаларды орындауға дағдыланады.

Жобалай оқыту технологиясының сапасы оның көздеген түпкілікті нәтижесі арқылы өлшенеді. Білімгерлер жобалау жұмыстарын орындау барысында кәсіби санасы ғана емес, қазақстандық патриотизмі, сана-сезімі жетіліп, даралық қабілеттері де дамып-жетілу үстінде болады. Оқуды бітірген соң қаншалықты құнды маман бола алатынына дейін студент өз ой өлшемімен келе алатындай болуы-берілген білімнің сапасын көрсетеді.

Информатикадан және ақпараттық технология арнайы курстарынан тәжірибемізді талдай келе, жақсы нәтиже бұл – пән бойынша берікті білім алу, компьютермен жұмыс жасағанда практикалық дағды мен іскерлік арқылы жобалық әдісті қолдануды айтамыз және оны қолданудың мүмкіндіктерін кеңейтуді қарастырамыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбақтина А. «Оқу проектiлерiн қолданудың алғы шарттары мен

талаптары туралы» //Информатика негiздерi. 2005. №3.

2. Жакыбаев Н. «Жобалық оқыту әдiсiмен»// Қазақстан мектебi журналы.2008. №1.

**Шевченко Л.Я.**, кандидат исторических наук, профессор  
Костанайский государственный педагогический институт

**ПЕРСПЕКТИВЫ ОБРАЗОВАНИЯ В СВЕТЕ ГЕНДЕРНОГО ПОДХОДА**

Среди социальных институтов современной цивилизации образование занимает одну из ведущих позиций. От качества образования в решающей мере зависят темпы технологического, экономического, политического прогресса, состояние культуры и духовности в обществе, наконец, благополучие человека. Положения стран в современном мире определяется интеллектуальным потенциалом. До 40% прироста валового национального продукта наиболее развитые страны мира получают в результате развития эффективной системы образования. С экономической точки зрения инвестиции в развитие образования окупаются наиболее быстро. По оценкам американских экспертов, 1 доллар затрат в системе образования позволяет получить 3-6 долларов прибыли.

Образование во всем мире относится к правам человека, и поэтому должно получать приоритет при распределении национальных ресурсов, так как оно ведет к развитию творческих способностей человека, т.е. уровень цивилизации и мощь государства определяется уровнем образованности его граждан. По мнению Ф.Майора, «образование – это предпосылка не только для полного осуществления индивидуальных прав, но и для понимания и уважения прав других».

Особо высокообразованными должны быть женщины, так как от уровня их образованности во многом зависит здоровье и правильное воспи-

тание, а также решение многих социальных и демографических вопросов. Исследования, проводимые учеными во всем мире показали, что для воспитания ребенка гораздо важнее уровня образованности матери, чем отца.

По данным Всемирного банка развития видно, что детская и младенческая смертность находятся в прямой зависимости от уровня образованности матери. Чем больше образована мать, тем меньше этот фактор.

Образованность женщин влияет и на рождаемость детей, и на возраст замужества. Другими словами, образование женщин – это ключ к контролю над народонаселением, здоровьем и гигиеной семьи, питанием и образовательной мотивацией детей.

В это же время степень неграмотности среди женщин и неравноправное положение девушек в отношении доступа и завершения школьного образования, не говоря уже о среднеспециальном и высшем образовании, все еще остается одной из основных проблем в мире.

За последние несколько десятилетий предпринимались усилия для расширения образования девушек и женщин. Включение женщин в современный сектор занятости укрепило этот процесс, так как все больше появляется потребностей в образованных женщинах. Особенно велика проблема образования девушек и женщин сельских регионов. Не секрет, что в ведении домашнего хозяйства родители, в основном, полагаются на